

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 шілдедегі N 633 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 14 мамыр N 602. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

Селодағы реформаларды жүргізуді жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Президентінің "Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған ұлттық бағдарламасы туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1135 U931135_ Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 шілдедегі N 633 қаулысына N 3 қосымшаның күші ұзартылсын және оған мынадай түзетулер е н г і з і л с і н :

"Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын (кеңшарлар мен басқа да мемлекеттік шаруашылықтарды) мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру тәртібі" атты екінші бөлімнің 1-тармағындағы бірінші абзацтың соңғы екі сөйлемі мынадай редакциямен берілсін: "Мүліктің сатып алынатын бөлігінде 10 жылдан аспайтын мерзімде төлем жасау жөнінде меншік иесінің атына міндеттеме ресімдеу кезінде (N 2 қосымша) мүліктік пай иесіне меншік құқығы туралы (N 1 қосымша) куәлік беріледі";

"Жекешелендіруге тиісті мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүлкін бағалау тәртібі туралы" III-бөлімнің 4-кіші бөлімінің төртінші абзацы мынадай жаңа редакциямен берілсін:

"Жекешелендірілетін АӨК-нің кәсіпорындары мен ұйымдары мүлкінің құнын бір мезгілде немесе бөліп төлеуге болады. Бөліп төлеу кезеңі 10 жылдан артпауға т и і с " ;

бесінші абзац алынып тасталсын;

"Міндеттеме" атты N 2 қосымшадағы "қалған бөлігін" деген сөздер "құнын" д е п т ү з е т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы

министрлігі және Әділет министрлігі "Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру ерекшеліктері туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 14 қаңтардағы Заңына өзгерістер енгізу жөніндегі Қазақстан Республикасы Заңының жобасын белгіленген тәртіппен әзірлесін.
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК